



Жалағаш жаршысы



«zhagalash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы



Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Ел игілігі үшін жасап жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Өткен сессияда жемісті жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Парламенттің екінші сессиясында 102 заң қабылданды. Оның ішінде қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске қатысты заңдар бар. Сондай-ақ ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын басқа да мәселелерді реттейтін заңдар күшіне енді.

Әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінді. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар өкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Көмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатанды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шаралар қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен

тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар.

Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Табынды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп.

Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени коддымыз өзгеріп бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қазір жер жүзінде геосаяси теке-тірестер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр.

Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртарапандыру

ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр.

Біз осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет.

Үкімет және өкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырып жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа.

Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет.

Енді алдағы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталайын.

БІРІНШІ. Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет.

Қазір нақты секторға несие өлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесі жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл

жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктардың экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктарын ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктар санатына қосады. Сондықтан осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуі тиіс. Банктардың акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмектүрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің арналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Бізге Банктар туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды.

Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын

тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан бюджет қаражатын стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек.

Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс әрі уақтылы қабылданған шешім болды. Бұл қадам кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар өкімдердің дербестігін арттырды. Алайда кейбір өкімдер қосымша кіріс көзіне ие болған соң, оны елге пайдасыз іске шашып, тиімсіз жұмсайтын болды. Аса маңызды емес міндеттер мен жобаларға қаржы бөле бастады.

Үкімет бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыруы қажет.

Енді Ұлттық қордың рөліне жеке тоқталайын. Қордың қаражатын, ең алдымен, мемлекет мүддесі үшін, яғни еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану қажет. Ұлттық қор шетелдік қаржы институттарына қызмет етпеуі керек. Ұлттық қор – ұзақ мерзімге арналған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін аса маңызды құрал. Сондықтан оны тиімді басқару қажет.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық өкімшілендіру ісін салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін өркім ерқалай қабылдауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бөріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырып, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бөріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырып, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бөріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Алайда бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс.

Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктерін толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді.

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық өкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыйбалас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек, соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн.

Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр.

Салықтық өкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғары шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктік есепшоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілінен біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет.

Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесі дамытуға нақты септігі тиетін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті өркендетеміз деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни, құрылыс салуға, активтерді қалайты алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек.

Үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырамын.

Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа Салық кодексінің сапалы өзгеруі үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын.

Көпкөп экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ұшықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты барлық жұмысты тез арада аяқтау қажет. Сондай-ақ сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірісті басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек.

ЖАЛҒАСЫ 2-3-БЕТТЕ.

Пікір Туған жерді түлету – перзенттік парыз

Президент Қасым Жомарт Кемелұлының Қазақстан халқына Жолдауы байыппен қараған адамға біраз жайды аңғартады. Маған ұнағаны – агроөнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған шаралар. Расында, бұл салаға коммерциялық банктардың қаржысын тарту, диқандар қауымына өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау дұрыс шешім деп ойлаймын.



Имамзада ШАҒЫРТАЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

Жер – біздің ең басты байлығымыз. Сондықтан жерді оңды-солды үлестіріп, салдарынан кейбір жер телімдері пайдаланылмай жатқаны да шындық. Ондай жерлер мемлекетке қайтарылғанын дұрыс деп есептеймін. Ал жерге инвестиция салып, өзінің туған жерін көркейтпей, ел экономикасының дамуына еңбек етіп жатқан азаматтарға барынша мемлекеттік қолдау болғаны дұрыс деп санаймын.

Бәрекелді! Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі

Оқушылардың ала жаздай асыр салып ойнаған мерзімі аяқталып, жаңа оқу жылы басталды. Жылдағы дәстүрге сай 1 қыркүйек – Білім күні мерекесіне орай аудандағы барлық мектепте «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтіп, алғашқы қоңырау соғылды. Жаңа оқу жылы басталар айтулы жиынға аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде өткен шараға қатысып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер мен ұлағатты ұстаздарға жылы лебізін білдірді.

Аталған білім ошағынан өткен оқу жылы 69 түлек алтын ұя мектебімен қоштасып, оның 68-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде 53 түлек жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен оқуға мүмкіндік алып, 4 оқушы «Алтын белгіге», 7 оқушы «Үздік аттестатқа» ие болған. Ал жаңа оқу жылында 66 түлек мектептен түлеп ұшып, барлығы ҰБТ-ға қатыспақ. Сондай-ақ 6 оқушы «Алтын белгіге», 4 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер екенін айта кетейік.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов оқушылардың қадамына сәттілік тілеп, салаға мемлекет тарапынан үлкен қолдау барын тілге тиек етті.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан»

Екінші. Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды.

Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты.

Экономиканың салып отырған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір өкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілінен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын.

Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мультисекторлы орындалуға тиіс.

Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі өлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы төңкір шарттарын бұзады, жеке бас-тамаларға тосқауыл болады.

Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты өлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндеттің қызмет аясың қаржыландыру тәсілдерін және жұмыссыз басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге холдингтер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс.

Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрін кезінде кәсіпкерлерге келдіріп берілген еді.

Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қарғалап, бақылайтын туралы шағымдар өлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратураны бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюға керек.

Былтыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіпкерлермен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарату керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет.

Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтердің «заңсыз» деп танылау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ, кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жомарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал одан бас тартқан немесе өзбұйыда салған кәсіпкерлерге қатысты еңгіме басқаша болады.

2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Қазір бұл көрсеткіш – 7 пайыз шамасында. Жыл басында мен орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Яғни, жан-жақты шаралар қолға алынуы керек еді. Алайда, іс жүзінде өлі дайын емес.

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар. Бұдан білікті маманның өзі шатасуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларының қаншалықты тиімді екенін мұқият тексеріп шығу керек.

Ұсынылатын жеңілдіктердің бизнес өкілдеріне түсінікті бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін финтех тәсілдерін пайдалануға болады, бұл мәселе бойынша тиісті ұсыныстар бар.

Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан, диқандрарымыз егін өсіріп, жұмысын дер кезінде аяқтады. Оларға зор ризашылық білдіремін.

Биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда агроөнер-

кәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктендің қаражатын да тарту қажет. Диқандрарға есімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктенді қатысты осындай тәжірибені қолдану керек.

Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет.

Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалып тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шыншай ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам ақша мөлдірі бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек.

Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі.

Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия өкілдерінің ауыл шаруашылығы алқаптарын конкурстармен бөлінуіне қатысты екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселе қатысты екі ұшты ұстаным болмауы қажет.

Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейткіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн.

Көптеген мекшік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуға тиіс.

Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары заңды түрде табысты жұмыс істеп, болашағының қамын өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Былтыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни «тауар несие» әдісін енгізу қажет.

Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды.

Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Апанат» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен өкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек.

Жалпы, отандық бизнеске және шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал олардың, яғни бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқық бұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін.

Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

ҮШІНШІ. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген.

Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды.

Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qazmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс.

Саран қаласының экономикасын өртартапандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік донғалағын және турмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елді мекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет.

Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек.

Биыл арнайы Жарлықпен Алатау қаласы құрылғаны белгісіздер. Бұл қала қарқынды дамиды, инновация кешенін қолданылатын өрі білікті мамандар жұмыс істейтін орына айналдырылған. Үкімет онда жайлы өмір сүріп, табысты еңбек етуге, инвестиция салуға қолайлы жағдай жасауға тиіс.

Автокөлік құрастыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-



жақты қолдауды түптің түбінде толық қанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналдыру қажет.

Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту – маңызды міндет.

Біз полипропилен және ползителиен шығаратын ірі өндірісті жобаларды жүзеге асыра бастадық. Бутадиян, карбамид, терефтал қышқылдың өндіруге арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр.

«Орта Азия – Орталық» магистральды газ құбырының елімізге тиесілі 800 шақырымнан астам бөлігін жаңғырту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Газ тасымалдау бағдарларын өртартапандыру және оның қуатын арттыру қажет. Тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету – Үкіметтің басты міндетінің бірі.

Былтыр бірқатар газ кеніші игеріле бастады. Сондай-ақ жылына жалпы көлемі бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарлануы отыр. Әзірге бұл жобалар толық іске қосылған жоқ. Сондықтан газды ішкі нарыққа тиімді бөлу қажет. Жылу электр орталықтарын және қарапайым тұтынушыларды көмір орнына газ жағуға көшіру жұмысын байыппен жүзеге асырған жөн.

Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағанды және Қарашығанақтағы газ өндіру кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырамын. Бұл – басты міндет.

Осы саланы табысты дамыту үшін инвестициялық қайтарыммен қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек.

Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы өте маңызды қолға алудың бір жолы – бұл мәселеде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес.

ТӨРТИНШІ. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет.

Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммунальдық шаруашылық саласында жүргізілуі тиіс.

Қазір энергия өндіретін жаңа нысандар салу үшін берілетін несие шараларын қолайлы деп айта алмаймыз. Сондықтан Үкімет қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімге арналған қолжетімді несие беру жолдарын ойластыруға тиіс.

Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға құзақ мерзімге инвестиция тартудың негізгі шарты. Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсінуі жол беруге болмайды.

Энергетика және коммунальдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керек. Коммунальдық ресурстарды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе.

Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуі тиіс. «Көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет. Алайда тұтынушылар жеке монополистердің шырмауында жалғыз қалмауы тиіс.

Заңнамаға әлеуметтік маңызы бар қызметтер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн.

Қазір өлеңде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізде сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан БС атом энергетикасын дамытуға баса мән берілуі керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша баяныпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да бұл солай болуы керек. Бұл туралы мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қо-

ғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойлануы, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қоямын.

Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз.

Келесі мәселе. Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық.

Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны өзіміз.

Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек. Сондай-ақ тиімді жұмыс істейтін әуе хабары теміржол бекеттері мен теңіз порттарын салуымыз қажет. Бұл ретте бірқатар кешенді мәселені шешкен жөн.

Теміржол саласында реформа жасау үшін тариф жүйесі қайта қаралуы керек. Бұл – айдан анық нәрсе. Жаңа тарифтер теміржол желісін қалыптастыруға сақтауға және оның тасымал қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы үшін ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды, яғни теміржол салып жатыр. Оның жалпы ұзындығы мың шақырымнан асады. Бұл жобалар бекітілген мерзімде және өте сапалы іске асырылуға тиіс.

Автокөлік жолдарының жай-күйі – өзекті мәселе. Мен бұл туралы осыған дейін де айттым. Биыл елімізде 12 мың шақырымға жуық жол салынып, жөндеуіп жатыр. Қазақстанда мұндай ауқымды жұмыс бұрын-соңды болмаған. Астана-Алматы, Ақтөбе-Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен бағытындағы күре жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып қалды. 2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеуге арналған бағдарламаның мән-маңызы зор. Дәл осы жолдармен жұрт өте жиі жүреді. Сондықтан бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, оған кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырамын.

Әрине, мұнда саннан гөрі сапа маңыздырақ. Сол үшін инновациялық заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданған абзал. Бұл жұмысқа қоғамдық бақылауды күшейтеу үшін бірыңғай цифрлық платформаны іске қосқан жөн. Онда барлық жолды, соның ішінде, қала аумағындағы жолдарды салуға және жөндеуге қатысты ақпарат болуы керек.

Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектінің кеңінен қолданылатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналдыруға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Парламент депутаттары осы жұмысқа атсалысуға шақырамын.

Келесі жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығын іске қосу керек. Бұл орталық оқушылар, студенттер, ғалымдар және кәсіпкерлер үшін әрдайым ашық болады.

Цифрлық активтер мен майнингті заңмен реттеп, криптобиржаларды одан әрі дамыту ісін жалғастырамыз. Елімізде экономикаға қажетті электр қуатын өз керегіне шамадан тыс пайдаланатын, сөйте тұра салықты аз төлейтін кәсіпкерлер бар. Міне, осындайларды жөндеу керек.

2025 жылы Каспий теңізі арқылы тапшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасын аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз.

Жалпы, телекоммуникация желілері мен дата-орталықтарының барынша жетілдіруге, кибер-қауіпсіздіктің өлемдік стандарттарын енгізуге және мамандарымыздың біліктілігін арттыруға

қатысты жұмысты жалғастыру керек.

Әуе хабары дамыту – өте маңызды міндет.

Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек.

Ішкі әуе бағдарларын дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл әсіресе, негізгі туризм нысандарының инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды.

Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылды. Қатон-қарағай, Зайсан және Көндірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар әуе бекеттері мен әуежайлар салу керек.

Өнеркәсіпті дамыту қорының есебінен кіші авиация ұшақтарын алған жөн.

Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді.

Келесі. Ирригация жүйелері және жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу қажет.

Көктемдегі алапат тасқын бүкіл еліміз үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын күндерде біз ынтымағы бар-расқан ел екенімізді көрсеттік. Қазақстанның әр аймағынан жиналған ерліктер мен жанашыр азаматтар зорлық шеккен жұртқа көмек қолын созды. Менің елдік істен шет қалмау туралы үндеуіме ірі бизнес өкілдері де қолдау білдірді. Мемлекеттің батыл ерліктері мен халықтың өзара тілектес болуының арқасында аса қиын жағдайдан аман-есен өттік. Дегенмен, орталық және жергілікті билік өкілдері осы оқиғадан сабақ алуы керек.

Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз қажет. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандрардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтап білген жөн. Гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту қажет. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл – ең алдымен, ауыл шаруашылығына қауіпсіздік мәселесі, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет.

Су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс қолдана алсақ, бұл салаға да инвестиция тартуға болады. Сондықтан тариф саясатын реттеп, инвесторларға тиімді қолдау шараларын ұсыну қажет. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Нақты жұмысқа кірісу керек.

БЕСІНШІ. Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды.

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларға қатты бай-қалып отырған кадр тапшылығын жою қажет.

Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды.

Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігін ықпалдандырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады.

Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады.

Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашыратып, онды-солды тарата беруге болмайды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек.

Жоғары оқу орындары гана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде

жақсы оқыған түлектерді маманд

3 жолдау

заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы

АЛТЫНШЫ. Ұлт саулығын нығайту үшін көшенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің еңгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар өкеліп, жеке мәншік медицинаға зор пайдасын тигізді.

Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ, оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ.

Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне өкел соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы күзек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бүгін жол беруге болмайды.

Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттерін ескере отырып, мемлекет кепілдік берген медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бөрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуі тиіс.

Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланыс жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек.

Жаңа жүйе, мәншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бөріне толық бақылау жасалуына және мәліметтердің шынайы болуына қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысын жөнінде маған және депутаттық корпұсқа есеп беріп отыруға тиіс.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласын дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері арқылы ресурстарды бөлсеңді тарту қажет. Өкінішке қарай, шетелдердің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты озық тәжірибелері заңнамамызда толық көрініс тапқан жоқ. Мұның бөрі жобалардың тиімсіз болуына, бюджетке түсетін салмақтың тым артуына өкел соқтырады. Бұл төсілдерді қайта қарап, инвестиция тарту үшін ақылға қонымды тарифтер ұсыну қажет. Үкімет денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты жаңа нормативтер мен ережелер өзгертуі қажет.

Бірікті медицина мамандарының тапшылығы – әлі де өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен медицина саласындағы білім сапасын барынша арттыруға жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарту қажет.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз денсаулық, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездесіп, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым.

Шын мәнінде, бұл саладағы заңнама жаңартатын кез келгені деп ойлаймын. Заңға еңгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын.

Келесі мәселе. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып жатыр. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалынады.

Балалы отбасыларды қолдау үшін сөбі күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды.

Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға былдан бастап арнайы төлемдер беріліп жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. 7 миллион баланың өспештілігіне Ұлттық қордың табысынан жалпы сомасы 300 миллиардтан астам теңге аударылды. Дегенмен қазір мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген кезде

азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын мойындау қажет. Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдау мүлде мұқтаж емес ауқатты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты қолдау төсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сондықтан, Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік өмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырамын.

Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, көз келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс.

ЖЕТИНШІ мәселе. Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек.

Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек. Үкімет пен «Атамекен» палатасы осы бағытта нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен еңгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер өлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек. Мемлекет алдағы уақытта да кең байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда ормантоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың өр алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де өте маңызды. Мен Президент болып сайланған күннен бастап осы мәселеге ерекше мән беріп келемін.

Елімізді көгалдандыру жұмысының қарқыны жаман емес. Тоқтап қалмай, оны жалғастыру қажет. «Семей орманы» аясында орман тұқым бағы бар. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық озық талаптарға сай жобаны есептің бірден-бір көшесі. Осы көшесі басқа да орманды аймақтарда жүзеге асырылған абзал.

Орман-тоғайды көбейту бүкіл елді жұмылдыратын нағыз халықтық идеяға айналуы керек. Сондықтан ел ішінде ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

Баршаңызға мәлім, елімізде көктөмен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған бәрежелі бастама.

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санаусыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы өркіміңіз күнделікті дағдысына айналуы қажет.

Халқымыздың бойында жақсы қасиеттер өте көп. Мысалы, өзге елдер бізді қонақжай, ақкөңіл халық ретінде біледі. Дәл солай тазалық жұртымыздың қанына, жанына сіңген қасиет болуы керек.

«Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына өкімдер тікелей жауапты. Олар жұртқа істің мән-маңызын түсіндіріп, жұмысты дұрыс үйлестіруге міндетті.

Аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс. Әрбір бұзшы елмен етене жұмыс істеуі керек, тұрғындармен сенімді байланыс орнатуы қажет. Сонда жұрт та оның бастамаларын қолдайды, ел үшін пайдалы іске жұмыла кіріседі. Әкімнің абырой-беделі дегеніміз де – осы.

СЕПЗІНШІ. Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғаны бұл жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінәз-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бөріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында өрекет етуіміз, берген үдемдік бөнісіміз үшін жауап берілуіміз керек.

Біз талқыланатын жатқан мәселелердің мән-жайын біле бермейтін, тым асыра сілтеуге бөіміз тұратын популистердің қоғамдағы кейбір бастамаларды іліп алып, өз мүддесіне бұрып өкелетінін көріп жүрміз. Мұның демократияға өш қатысы жоқ.

Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірыңғай өкөжүйесі қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға өзбектер назар аударуға тиіс.

Азаматтарымыздың соңғы жылдардағы тағы бір талабы – өкімдерді тікелей сайлау жүйесін еңгізу. Бұл талап та орындалды.

Ауыл өкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылы еңгізілді. Содан бері 2,5 мыңға жуық өкім сайланды. Бұл – барша ауыл өкімдерінің 90 пайызға жуығы деген сөз. Қалғандары өкімнің өкілетті мерзімі аяқталған кезде өз ретімен сайлана береді. Жаңа өкімдердің 60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Олардың арасында өртүрлі көсіп іелері, түрлі партия өкілдері бар. Орташа жасы – 46 жас. Бір сөзбен айтсақ, халық өзі таңдаған өкімдердің құрамы өдеуір жаңғырды.

Былыр күзде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала өкімдерін сайлай бастадық. Барлық облыста 45 өкім жаңа тәсілмен сайланды. Біз сайлау нәтижесін және сайланған өкімдердің жұмысын жан-жақты зерделедік. Соның қорытындысы бойынша түбегейлі шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың өкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Өкімдердің өкілетті мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді. Бұл да – саяси жүйені реформалау ісіндегі көзекті маңызды қадам. Саяси реформа – бір реттік науқан емес. Мемлекеттің дамуына қажет болса, реформалар осылай үздіксіз жалғаса береді.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі әлі де өзекті. Үміткерді қызметке тағайындаған кезде оның көсібі және моральдық қасиеттерін мұқият ескерген жөн. Бұрынғы жұмысын қалай атқарғаны да қаңарде болуы керек. Меритократия қағидаттарынан өшік бас тартқан жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстың аяқ алысы жаман емес. Қазір мемлекеттік органдардың бөрі қауат жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйеге көшті.

Енді Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің кадр мәселесіне қатысты жұмысын толық автоматтандыруы керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет.

Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай өнуі түрлі алаяқтардың көбеюіне өкел соқтырды. Оған бөріміз өкел болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы ретте «Апапат» партиясы ұсынған «Қарысыз қоғам» жобасын атап

өткім келеді. Азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға арналған осы жобаға былтыр 65 мың адам қатысты. Ал биыл одан да көп адам қатысады.

Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын еңгізу қажет. Бұл жұмысты Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге атқаруы керек. Мұның бөрі азаматтарымыздың өртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді.

Құзырлы органдардың бөрі заңға бағынатын жұртқа зардабын тигізіп жатқан алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз өрекеттерге қарсы батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы еңгізіліп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Көз келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Елімізде ауқымды реформалар көзең-көзеңімен жүзеге асырылып жатыр. Саяси жаңғырудың нәтижесінде азаматтарымыздың өз ойы мен пікірін ашық айтып, мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне араласуына жақ ашылды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан терең өзгерістер жасалып жатыр.

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында көшенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамуын сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз.

Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызды бар басымдық.

Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында өдеуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен арқаны көңге салуға болмайды.

Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жалпы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті. Құқықтық мемлекетте қылмыс өлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп-тамырымен жою қажет. Түрлі экстремистердің, оның ішінде өсіре діңшілдердің де елге іртікі салатын өрекеттеріне қатысты ұстаным дел осындай болуға тиіс.

Құқық қорғау органдары көсібілік, батылдылық және табандылық танытуы керек.

Жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік өкіғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар.

Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені еңгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе.

Осы салаға жауапты мекеме автотөліктердің техникалық жағдайына тиісті бақылау жасауы қажет.

Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы өкөймай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, өкімдер, ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауға тиіс.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет.

Жастар өскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін өскер қатарында, өң алдымен, теңірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана өскерге өкелген баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, өң алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

Тағы бір маңызды міндет – өсіртік саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ, нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге өлі өрте. Әрбір мемлекеттік құрылым, өсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз.

Өсіртік мәселесі ұшығып барады. Біз заңмен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, өсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл өрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркімізді ел болуға көдергі жасайтын жаңымыз әдеттерден арылуымыз керек. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың отырысында айттым.

Елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталдым. Содан бері біршама жұмыс атқарылды. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бөрімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет.

Халқымыз қашанда кең пейілімен толеранттылығымен өрешкеленген. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім өң алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты өшімге өшкандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес. Әрине, мұндай жайттар ара-тұра кездеседі. Бірақ бұл көбіне жекелеген адамдардың сауатсыздығы мен жауапсыздығынан болып жатады. Құқық қорғау органдары әрдайым заң арқылы мұндай өкіғалардың жолын кеседі.

Бұған қоса бізге белгілі кейбір теріс піғылды адамдар, оның ішінде шетелде жүргендер де бар, мәселені ұшықтыру арқылы қоғамдық пікірге ықпал өткісі келеді, елімізге орынсыз шүйлігеді.

Қазақстанның қоғамында да, билігінде де өшкандай «фобия» бұған дейін болған емес, қазір де жоқ, болашақта да болмайды. Сондықтан ақша үшін ел ішіне іртікі салуды көздейтін мұндай жымысқы өрекеттерден тұқ шықпайтыны анық.

Біз үйлесімді, әділетті өрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыра береміз.

Біз – озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алысты көздеп, түрлі арандатушылық өрекеттерден бік тұруымыз, парасатты ел өкелімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек.

Ылғи да кейін қайырылып, өткенмен өмір сүруге, бұрынғы жүйеден немесе саяси тұлғалардан кінә іздей беруге болмайды. Өз халқының тарихын білу керек, бірақ одан тек өңсенді түсіріп, өзгеге өкпе артуға себеп іздемеу қажет. Қандай қасіретті болса да, өткен өкіғалардан, өң алдымен, тағылым ала білген жөн. Біз келешекке сеніммен көз тігіп, елімізді өсір-өркендеуі мен дамуын ойлауымыз қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін.

Тағы да қайталап айтамын: біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және өр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өң басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бөйбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет.

Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары көсібілікті талап ететін дипломатияның міндеті.

Қазақстан бөйбіт және теңгерімді сыртқы саясатты қатаң ұстанып келеді. Еліміздің өгемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, шетелдегі азамат-

тарымыздың құқықтарын қорғау, ұлттық мүдделерімізді ілгерілету, экономикаға инвестиция тарту – дипломаттарымыздың басты міндеті. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң ұстана отырып, көп жақты ынтымақтастық орнатуға қашанда дайын өкеленіп паш өтпегенді. Еліміз халықаралық қауіпсіздік және тұрақтылық мәселелерін шешуге бөлсеңді атсалысады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың терроризмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға, климаттың өзгеруіне және өзге де қауіп-қатерлерге қарсы күресу жолындағы талпыныстарын құптаймыз. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметін, қарусыздануға қатысты бастамаларын барынша қолдаймыз, қарулы қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз.

Астанада Қазақстанның төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше өлдер басшыларының саммиттері сияқты бірқатар маңызды халықаралық-шараларға, Бізге қолдау көрсеткені үшін одақтасарымыз бен серіктестерімізге шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті отандастар!

Қазір өлемде қандай түбегейлі өзгерістер болып жатқанын білесіздер. Экономикалық, саяси, климаттық және басқа да жаһандық, аймақтық ауқымдағы қауіп-қатерлер аз емес. Осындай жағдайда күнделікті шаруамен қатар стратегиялық маңызды бар көптеген мәселені шешуімізге тура келеді. Әрине, бір мезетте барлығына бірдей ресурстарымыз жетпейтін анық.

Ешкім де бөріні табан астында өзгерте алмайды. Жылдар бойы шешімін таппай келген мәселелер бар. Біз өштенге жасйрмай, бөріні бүкпесіз ашық айтамыз. Қаншалықты күрделі болса да, барлық мәселені жүйелі өрі батыл түрде шешеміз.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздық өлеуетін толық ашу және халықтың өлі-ауқатын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеті.

Үкімет мүшелері, өкімдер, депутаттар және барша қоғам өкілдері әрдайым отаншылдық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс өлге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз өлге пайдасын тигізуі қажет. Біз еліміздің байлығын үнемі пайдалансақ, табанды өңбек етсек, салық төлесек, өз өнімдерімізді сатып алатын болсақ, түрлі жобаларға инвестиция салсақ, мемлекетіміздің қуатын арттыра түсеміз. Демек Отанымызға да, отбасымызға да пайдасымыз тиеді деген сөз.

Біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бөрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей өсер етеді.

Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз – айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, өң алдымен, өң бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет.

Біз – бәрежелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бөріміз бір өл болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда өркім өз өлінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады.

Мүшәйра

Ақындар Еңбек ерін жырға қосты

Есет батыр ауылында Жалағаш ауданының 85 жылдығы қарсаңында Социалистік Еңбек Ері және Ұлы Отан соғысының ардагері Несіпбай Әпірезовтің 115 жылдығына орай «Еңбек ер атандырады» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Еңбек Ерін ұлықтаған рухани шарада аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов күршітен тау тұрғызған Несіпбай Әпірезовтің ерен еңбегіне ерекше тоқталды.

— Алдыңғы толқын өкелеріміздің өмір жолына көз салсаңыз, біздің еліміздің тарихындағы олардың алар орны ерекше екенін білесіз. Кешегі кеңестік дәуір деп аталатын кезеңде ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, аймақ халқының әл-ауқатының нығаюына, ауыл шаруашылығының өркендеуіне зор үлес қосты.

Ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Несіпбай Әпірезов — осындай тұлғалардың бірі де бірегейі. Бір жылдары Жалағаш ауданы «Күрші фабрикасы» атанса, ол Несіпбай Әпірезов сынды ерлердің тынымсыз, жанкешті еңбегінің арқасы десек қателеспейміз. Бұл күршітен тау тұрғызған алыптардың ерен еңбегінің

өділ бағалануы десек болады. Бүгінде ел несібесін еселеген ерлерді, біздің бақытты тұрмысымыздың негізін қалаған өкелерімізді құрметтеу, ұлықтау — кейінгі толқын біздің парызымыз. Несіпбай Әпірезовтің 115 жылдығына байланысты өтіп жатқан бұл шараның тәрбиелік маңызы зор. Себебі еңбектің әміршісіне айналған пірі болған Несіпбай әкеміздің өмірі мен қызметі — кейінгі толқын жастарға үлгі, өнеге. Жыр-мүшәйраға келген ақындарға сәттілік тілеймін. Ұшқыр ойларыңыз бен шалқар шабыттарыңыз таси берсін, — деді Фани Кенжеғараулы.

Еңбек Ері ұлықталған облыстық жыр-мүшәйраға 9 ақын қатысты. Тартысты өткен жыр бәйгеге ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер-қаламгер Серік Бертаев, аудандық қазақ тілі қоғамының төрағасы Дина Нұржанқызы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуат Адис қазылық етіп, ақындардың өнеріне баға берді.

Қазылар алқасының шешімімен III орынды Есет батыр ауылының тұмасы Еркебулан Отар мен Шиелі ауданынан келген Бекжан Ержігіт өзара бөлісті. Ал II орын сырдариялық Ақерке Балмановаға бұйырды. Жалағаштық Жасулан Серік I орын алса, Қызылорда қаласынан келген Бексұлтан Санақұл бас жүлдені өңшілеп, мүшәйра жеңімпазы атанды. Мұнан бөлек Қармақшы ауданынан келген СағынайБегалиеваарнайыжұлдемен, қалған ақындар алғыс хаттармен



марапатталды. Жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Несіпбай Әпірезов 1909 жылы Жалағаш ауданындағы Аламесек ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан мұсылманша сауат ашып, еңбекке ерте араласты. Кейін төрт жылдық бастауыш мектепті бітірген. Еңбек жолын 1931 жылы колхозда қолхозшы болып бастады. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына

қатысты. 1946-1949 жылдары Аламесек ауылында жұмыс істеді. 1960 жылдары «Жақаевшылар» қозғалысын қуана қолдап, күрші егуге шықты. Агротехникалық білім мен бай тәжірибені игеріп, күршінің әр гектарынан 75 центнерден 110,7 центнерге дейін өнім алды.

1967 жылы Сырдария ауданы Қазастанның Ленин комсомолы атындағы совхозда күршішілер звеносын басқарды. «Еңбек Қызыл Ту»

орденімен және Мәскеудегі Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің қола, күміс, алтын медальдарымен марапатталған КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1972 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріліп, «Ленин» орденімен және орақ пен балға «Алтын жұлдыз» медалімен марапатталды. Еңбек Ері 1996 жылы 22 шілдеде дүниеден өтті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Акция



Сенбілік — туған жерге деген ықылас

Сенбі. Аудан халқы ойын баласынан еңкейген қарияға дейін таң атысымен тазалық жұмыстарына кірісіп кетті. Жалағаштықтар тазалық акциясына бұрынғыдай арнайы тапсырмамен емес, өз еркімен белсене атсалысатын болған. Сенбілікте ауданда орналасқан кәсіпорындар аумағы, гүлзарлар мен саябақтар, арық-ағыздар мен аудан кешелері қоқыстан тазартылып, әктеу, сырлау жұмыстарымен қатар құраған тал бұтақтары кесілді. Сондай-ақ кент және ауылдық округтерде қоқыс жәшіктері орналастырылып, сенбілік жұмыстарына көмек болатын арнайы тасымалдаушы техника да жұмылдырылған.

— Тазалық акциясына апта сайын белсене қатысамыз. Себебі Жалағаш — біздің ортақ үйіміз. Сондықтан оның көркейіп гүлденуіне әрбір тұрғын бейжай қарамай, қоқыс-қалдықтарды кез келген жерге лақтырмай, ең болмаса өз ауласын таза ұстауы қажет. Осыны жастарға сабақ ету мақсатында мен де тазалық жұмыстарына таң атысымен шықтым. Сенбілікке шыққан жастарды көріп риза болдым. Өйткені тазалық акциясы арқылы тұрғындар қаймағы бұзылмас ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін көрсетіп отыр. Міне, мен көпеліп отырған ағаш, бүгін маған сая болып тұр, сондықтан өңірімізді жасыл желекке айналдыру біздің қолы-

мызда, тек ниет керек. Сондай-ақ басқа аймақтан қыдырып келген туыстарымыз да Жалағашты тап-таза екен деп тамсанып жатады. Әрине, сондай мақтауларды естіген сайын ауданымыздың көркеюіне ерекше атсалысуға ынтаң артады. Ең бастысы, тазалық денсаулықтың көпірі екенін естен шығармағанымыз жөн, — дейді кент тұрғыны Ғалымжан Сәдуақасов. Жалағаштықтармен бірге кент әкімі Мардан Жамалатов та сенбілік жұмыстарына қатысып, аудан орталығын аралады. Яғни кент бойынша тазалық жұмыстарын жүргізу және туған жерді көркейтудің маңызы зор екенін белсенділікке шақыру керектігін айтып, әрбір

үйдің ауласы және сыртқы келбеті ерленуі аудан орталығының тазалығына қосқан үлкен үлес болатынын жеткізді. Әсіресе аудан орталығын көркейтпекәгалдандыру бойынша жұмыстар соңғы уақытта қарқынды жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың игілігін бүгінде жалағаштықтар іс жүзінде көріп отыр. Мәселен, балалар ойын алаңдары мен спорттық жаттығу алаңдарына тұтастай жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ көшелерге белгілі қазақ батырлары, жыраулар мен ақын-жазушылар және белгілі қоғам қайраткерлері туралы мәліметтер жазылған билбордтар орналастырылса, орталық алаң жаз бойы гүлмен көмкерілді.

Міне, осындай креативті жобалар кент көркін айшықтаумен қатар тұрғындарға және аудан қонақтарына керемет көңіл-күй сыйлар анық. Кент әкімшілігінің қызметкерлері осындай ерекше жобалар алдағы уақытта да жалғасын табатынын, егер тұрғындар тарапынан кент көркіне сан беретін идеялар болса, қарауға дайын екенін айтады.

Аудан орталығымен қатар ауылдық елді мекен тұрғындары да сенбі сайын тазалық акциясына белсене қатысуда. Нәтиже де жоқ емес, жуырда Еңбек ауылы облыста «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпазы атанды. Міне, мұның барлығы жалағаштықтардың туған жерге деген ерекше сүйіспеншілігінің айқын көрінісі деуге болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын айтып бергені белгілі. Сондықтан сенбіліктегі қоғамның назарын аудан кешелерінің тазалығын сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Білімді ұрпақ — кемел келешек кепілі



— «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе — білім» деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, тәуелсіз мемлекетімізді өркендетке жетелейтін жолдың бірден-бір бастауы — мектеп. Жас ұрпақтың тәрбиесінде ата-ананың берген тәрбиесімен қатар ұстаздың біліктілігі, білімі, жауапкершілік қасиеттері ерекше орын алады. Себебі ізгі қасиеттер ата-анадан қан арқылы дарыса, ұстаздан тәлім арқылы жуады. «Өмірде өлшенбейтін іс — балаға берген білімің, мейірімің, қамқор пейілің» демекші, осынау мәңгілік борышты ауырсынайы өзінің азаматтық парызы деп түсінген ұстаз деген ұлы есімің алдында мәңгілік қарыздармыз. Быыл осы іргелі оқу орын болып саналатын Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде 1023 оқушы білім алатын болады. Оның 98-і мектеп алды даярлық тобына қабылдана, 81 оқушы — алғашқы бастауыш сыныптың табалдырығын аттаған бүлдіршін. Ал 66-сы — мектеп бітіруші түлек. Жалпы мемлекетімізде білім саласын дамытуда үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Мемлекеттік бағдарламалардың, ұлттық жобалардың арқасында білім ошақтары бой көтеріп, кезек-кезеңімен мектептеріміз, балабақшаларымыз күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр, — деді Фани Кенжеғараулы.

Елімізде білім саласы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айрықша назарында. Ауданның білім беру саласында оқушылар сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін барлық қажетті жағдай жасалып, қажетті оқулықтар мәселесі шешілген. Бұл мақсатта бюджеттен 65,9 млн теңге бөлінді. Мектептердің ағымдағы жөндеуіне бюджеттен 111,8 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар жасалды. Мәселен Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ Таң ауылындағы №118 орта мектеп аумағын абаттандыру жұмыстарына облыстық бюджеттен 78 млн теңге бағытталып, тиісті жұмыстар жасалды. Облыстық бюджеттен 15,4 млн теңге қаржы бөлініп, 2 мектеп жаңа модернизациялық пәндік кабинеттермен жарақтандырылды. Жаңа оқу жылы қарсаңында «Қазақстан халқына» қоры есебінен №201 мектеп-лицейіне 250 млн теңге бөлініп, оқу кабинеттер мен зертханалар жаңадан жабдықталды.

Елімізде алғаш рет өткен ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың республикалық кезеңінде аудан оқушылары 4 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлде иеленсе, Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі республика бойынша үздік 10 мектептің құрамына еніп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ең үздік ауыл мектебі» атағымен марапатталды. Сондай-ақ облыста өткен тамыз конференциясында осы мектеп облыстың «Үздік мектеп» грантын жеңіп алып, 34 млн теңгенің сертификаты табысталды. Быыл жаңа оқу жылында аудандағы 20 мектепте 7004 оқушы білім алуға, оның ішінде 1 сыныпқа 653 бала қабылданған.

Жаңа оқу жылындағы құттықтаулардан кейін мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер өлең шумақтарын оқып, мектеп тұлелеріне ақ тілектерін жаяды. Шара соңында мектеп өнерпаздары ән шырқап, көптен күткен алғашқы қоңырау соғылды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ
БАСЫ 1-BETTE

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ